

"Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 234 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 160 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 маусымда № 4349 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 232 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысының әкімдігінің 29.06.2015 № 232 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 234 "Мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" (нормативтық-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 3989 тіркелген, "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде 2014 жылғы 19 тамызда жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармағының 1), 4), 5), 6) тармақшалары алынып тасталсын.

2. "Ақтөбе облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А.Мұхамбетов